

ӘОЖ 94(574)

Айдарова Шолпан

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау» университеті, Көкшетау қ.

E-mail: aydarova.sholpan@mail.ru

Буктугутова Роза Сабыровна

тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау» университеті, Көкшетау қ.

E-mail: Rozalia.1954@mail.ru

Сатпаев Алмас Кайратович

оқытушы, «Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау» университеті, Көкшетау қ.

E-mail: placidodomingo123@gmail.com

АЛЫП ИМПЕРИЯНЫҢ КҮЙРЕУІ ДЕРЕК КӨЗДЕРІНДЕ

Бұл мақалада берілген мағлұматтар негізінде ҚСРО-ның ыдырауына әкелген негізгі себептерді қарастыру міндеті қойылған. Ізденіс нәтижесінде авторлар көптеген факторлар мен процестерді анықтап, ҚСРО-ның ыдырауының себептерін көрсетеді. Алып империяның күйреуіне ішкі саяси-экономикалық жағдай мен ұлттардың қақтығыстары да себеп болғандығын тарихи деректермен толықтырады. Кеңестік жақсы жайсаңды «Жемсауларын майлап» ыңғайға көндірді. Адамдардың санасына, әсіресе, ұлттық сезімдеріне бұқаралық мәдениет арқылы психологиялық қысым жасаудың жаңа ақпараттық технологиялары пайдаланылды. Қаржылық жүйелер тікелей тартысқа түсті. Бұл арқылы, Кеңестік социалистік республикалар одағының күйреуіне сырттан ешқандай ықпал болмады деуден аулақпын. Ол үшін мысалды алыстан іздеудің қажеті шамалы. Бір кезде «зұлымдық империясы», ұғымын ойлап тапқан Рональд Рейган өз естеліктерінде: «Егер ешқандай өзгеріске ұшырамаса, коммунизмнің өз салмағын көтере алмай, өзінен өзі құлайтынына менің көзім анық жетті. Мен кеңестік жүйенің сол бір сызаттарын пайдалана отырып, оның күйреу процесін қалай тездетудің қамын ойладым».

Тірек сөздер: ҚСРО, күйреуі, АҚШ, сыртқы саясат, ішкі саясат, «Суық соғыс», сыртқы саяси факторлар, ішкі саяси факторлар, теріс аспектілері, себептер, нәтижелер.

Причины распада Великой империи в источниках. В статье ставится задача на основании источников последовательно рассмотреть основные причины распада Советского Союза. В результате анализа авторы выявили ряд многочисленных факторов, повлиявших на процесс развала СССР, что привело к прекращению его существования как государства в 1991 году. Использовались новые информационные технологии психологического давления через массовую культуру на сознание людей, особенно на национальные чувства. Финансовые системы оказались в прямой схватке. Таким образом, хотелось бы отойти от того, что не повлияло на разрушение Союза Советских Социалистических Республик. За примером не нужно ходить далеко. Когда-то было разработано понятие «империя зла», Рональд Рейган в своих воспоминаниях: «я убедился в том, что коммунизм без изменений, не сможет поднять свой вес и сам упадет на себя. Я подумал, Как ускорить процесс его распада, используя те же уязвимости советской системы».

Ключевые слова: СССР, распад, США, внешняя политика, внутренняя политика, «Холодная война», внешнеполитические факторы, внутривнутриполитические факторы, негативные аспекты, причины, последствия.

The reasons for the collapse of the great Empire in the sources. The article sets the task on the basis of sources sequentially to consider the main reasons for the collapse of the Soviet Union. As a result of the analysis, the authors identified a number of factors that influenced the process of the collapse of the USSR, which led to the termination of its existence as a state in 1991. New information technologies of psychological pressure through mass culture on people's consciousness, especially on national feelings were used. Financial systems were in a direct battle. Thus, I would like to move away from what did not affect the destruction of the Union of Soviet Socialist Republics. You don't have to go far for an example. Once upon a time the concept of "evil Empire" was developed, Ronald Reagan in his memoirs: "I was convinced that communism without changes, will not be able to lift its weight and will fall on itself. I thought about how to speed up the process of its collapse, using the same vulnerabilities of the Soviet system."

Keywords: USSR, disintegration, USA, foreign policy, domestic policy politics, the Cold war, foreign policy factors, domestic political factors, negative aspects, causes and consequences.

Кеңестік жүйе кеңестер билігімен бұл алып империяның даңқын әлемге паш келіп,оның алып империяға айналуы Ұлы Отан еткен болатын.Әлем алдындағы беделі «Ұлттар соғысында көрініс бергені ақиқат.Кеңес достастығымен» танылып,сол кезеңдегі одағына кірген барлық ұлттарды біріктіре капиталистік жүйе елдерін де отырып,фашистік Германияға тойтарыс беруі мызғымастығымен қызықтырғанына көптеп

мысалдар келтіруге болады. Кеңестік империяның күйреу себептері жөніндегі пікір таластар толастаған жоқ. Теория болғанмен, ол эмпирикада нәтиже бере алмады. Елбасы Н. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» еңбегінде айтылғандай, «Социалистік елдер, әсіресе Кеңестер одағының құлауы біреулердің айтуынша либерализм идеологиясын тарату арқылы бұрын ондай идеология ықпалынан тысқары жатқан елдердің ұлттық мәдени жүйесін саналы түрде күйретудің салдары әпербақан зарлауықтардың айтуынша, бұл көптеген жолдармен жүзеге асырылды. Ең кемі, үш түрлі әрекет іске қосылды.

Біріншіден, кеңестік жақсы жайсанды «Жемсауларын майлап» ыңғайға көндірді.

Екіншіден, адамдардың санасына, әсіресе, ұлттық сезімдеріне бұқаралық мәдениет арқылы психологиялық қысым жасаудың жаңа ақпараттық технологиялары пайдаланылды.

Үшіншіден, қаржылық жүйелер тікелей тартысқа түсті. Бұл арқылы, Кеңестік социалистік республикалар одағының күйреуіне сырттан ешқандай ықпал болмады деуден аулақпын. Ол үшін мысалды алыстан іздеудің қажеті шамалы. Бір кезде «зұлымдық империясы», ұғымын ойлап тапқан Рональд Рейган өз естеліктерінде: «Егер ешқандай өзгеріске ұшырамаса, коммунизмнің өз салмағын көтере алмай, өзінен өзі құлайтынына менің көзім анық жетті. Мен кеңестік жүйенің сол бір сызаттарын пайдалана отырып, оның күйреу процесін қалай тездетудің қамын ойладым» - деп еш бүкпесіз жазды [1, 11-12 бб.].

Ия бұл, Америка құрама штаттарының президенті Рейган тұсындағы сексенінші жылдар АҚШ халқы үшін, «Неоконсерватизм» немесе «Рейган төңкерісі» (Рейгановская революция) немесе «рейганомика» болып тарихқа енді. Ол американдықтар үшін сапалы жаңа экономикалық саясат ұсынып, дағдарыстан шығу мен жаңарудың міндеттерін шешкен, ұтымды экономикалық өсуге алып келген кезең болатын [2, 107 б.].

Алайда кеңес тарихына зер салсақ, барлығымызға белгілі, КСРО жеңісі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем алдында, өзінің мәртебесін тағы мойындатқаны. Ал КСРО үшін, Ұлы Отан соғысынан кейін «Екінші қырғи қабақ соғыс» бағдарламасы қорғаныс түрінде басталды. 1979 жылы АҚШтың қорғаныс министрінің мәліметі бойынша К. Уайнбергтің АҚШ-та 20400 қару жарактың барлық түрлері, ал КСРО-да 3400 қару жарак қана бар екені

мәлім болады. Ал КСРО Қорғаныс министрлігінің Бас штабы бастығының бірінші орынбасары маршал С.Ахромеевтің мәліметінше 1980 жылы КСРО – да 8000 стратегиялық әскери аймақ болса, АҚШ-та оның саны 9700 болған. Бұл мәлімет пен әскери қорғаныс күштерінің базасы М.С. Горбачевті қатты толғандырады. КСРО жанталаса қарулану жарысына ілесе алмайтынын мойындап, шошынған ол кеңестік империяның ішкі ВОП-ішкі өнімнің (валового общественного продукта) қазынаның, яғни бюджеттің 40 пайызын құрайтынына көз жеткізеді. Ал бұл кезде Кеңестік жүйенің жаңа басшысын қоғамды қайта құру идеялары мазалап жүрген болатын. Оның пайымдауынша кеңес тарихы өз өмір сүруінде талай қиындықтарды өткізді, сондықтан бұл идеяларды жүзеге асыруға болады деген сенімді ойлар келіп, соларды жүзеге асыруға кірісті. Дәл осы тұста, 1980 жылы Ауған жеріне кеңес әскері кіріп, Польшада революция басталып, «қырғи қабақ соғыстың», екінші кезеңінің иісі шығып тұрған болатын. Коммунистік бюрократия көшбасшылары әрі қарай экспансияны жалғастыруға кеңес одағының қару жарак ресурстарының жеткіліксіздігін айтып, тепе теңдікті сақтауға ұмтылды. Ал Американың жаңа жедел шешімдер қабылдайтын әкімшілігі, Европа неоконсерваторларының қолдауымен, 1975-1979 жылдары жоғалтқан ұстанымын «қырғи-қабақ соғыс» бағдарламасы арқылы аяғына дейін жеткізіп, жеңіспен аяқтауды мақсат етті. Р. Рейганның әкімшілігі алдына мақсатты түрде міндеттер қойды. Ол міндеттер Кеңестік социалистік республикалар одағын ыдырату, социалистік жүйені күйрету еді. Аяқ астынан «марксизм ауруымен» ауырған ол, кеңес одағындағы әскери өнеркәсіптің өсуі кеңес халқының иығына түсіп, экономикалық құлдыраудың ауыр кезеңдерін басынан кешіруде деп лепірді. Тағы ол сөзінде, біз көріп отырмыз, КСРО саяси құрылымы экономикалық базасына сәйкес емес, ол өндіргіш күштер саяси биліктің ықпалына түсіп, саяси күштердің көлеңкесінде қалған. Осылайша Рейган, кеңес жүйесіне төңкеріс жасамақ болып мақсатты түрде кірісті [1, 16 б.].

Шынында, Кеңес одағының сол тұстағы жағдайы капиталистік жүйедегі елдерден әлдеқайда төмен еді. Ішкі жалпы өнім, ұлттық табыс, еңбек өнімділігі, халықтың әлеуметтік деңгейі қатал көрсеткіштерімен өлшенетін экономикалық әлеуетіміз үлкен Америка құрама

штаты сияқты алпауыт елге қарағанда төмен болғандығы ешкімге құпия емес. Кеңес одағында жанталаса қарулануға кеткен шығын 1950 жылдармен 1990 жылдар аралығында, мамандар айтуынша, әскери шығын 20 триллион долларға жеткен. Ал сексенінші жылдың аяғында соғыс өнеркәсібі мен әскериөндірістік кешендерінде планетамыздың 60-80 миллион тұрғыны жұмыс жасаған [3, 258 б.]. Социалистік жүйені жіті бақылап отырған батыс саясаттанушылары мен монополистері экономикалық дағдарыстың, яғни кеңес одағындағы ғылыми-техникалық, технологиялық прогресте артта қалушылығын, инфляцияның орын алып отырғанын, импорт тауарларына деген зәруліктің етек алғандығын зерттеп, біліп қана қоймай жіті бақылауда ұстады. Оған қосымша жоспарлы социалистік міндеттемелер, бақылаусыз басқару еді. Империализмге тән құбылыс бәсекеге қабілетті елдердегі, яғни капиталистік елдер арасындағы қайшылықтардың күшеюі жаңа экономикалық дағдарыстың алғышарттары боп табылады. Ол елдерде дағдарыс етек ала бастағанда тұтыну тауарлары мәселесі терең қайшылықтарға ұшырайды. Монополия жанталаса тұтыну тауарлары үшін күрес жүргізіп, капиталын жоғалтып алмауға әрекеттенеді. Арзан өнім көздері, рыноктағы бәсеке, сауда жанжалы, өз капиталын сақтап қалу жолындағы тайталас әскери жанжалдарға дейін жеткізеді [3, 277 б.].

Дегенмен, жалпы басқыншылық мақсаттарын жүзеге асыруда, монополияны көздеген империалистік державалар және АҚШ қаржылық олигархтарының өзіндік көздеген мақсаттары болды. Өктемдік саясаттарын жүргізу жолында американдық билеуші топтары әлемдік билік құру жолында күш жұмсауға барынша әрекет етті. Соған қарай американдық монополистері шоғырлары мен байлықты жақтаушы төбе топтары, өздерінің әрекеттерін, «Өзара көмек», «Ұлттық қауіпсіздік деген теорияларды желеу етіп мақсатты әрекеттерін бүркемелеп отырды. Егер АҚШ Азия, Таяу және Орта Шығысқа және Тынық мұхит бассейндеріне бақылау орнатпағанда ұлттық қауіпсіздік сақталмайды деген өздерінше ұстаным қалыптастырды.

Алайда, тарихтың сабақтарын ескере отырып, әсіресе кеңес халқына қатысты абайлап отырудың қажеттілігін айтты. Ресейге кірген басқыншылардың жеңіліс табуы, қазан төңкерісінен кейінгі, Гитлерлік авантюраның күйреуі, Кореядағы американдық акциялардың құнсыздануы, Вьетнамдағы Америка

жоспарларының жүзеге аспауы сақтықты қажет ететінін тілге тиек етіп отырды. Солай сақтықпен социалистік жүйе алдында мәртебесін көтеріп алу мақсатында, әлемдік реакциялық күштердің бірыңғай блогын қалыптастыруды жөн деп есептейді. Ал американдық монополистерінің алдында социалистік жүйенің теңгерімшілігі, қаржылық олигархтар үшін тиімді жол деп есептеді [4, 26-27 бб.]. Бұл мәселеде, орыс ғалымы Рыжковтың «Дело о развале СССР» атты кітабында келтірілген мына жайттардың да шындыққа жақындайтынын айта кетуіміз керек. Оның алдындағы Брежнев пен Хрущевке қарағанда, өзінің басқару кезеңінің екінші жартысында болашақ бас хатшы Горбачев сыртқы саясатқа мән берді. Горбачев осы бағытқа үлкен ынтымақпен кірісті. Горбачевтің саяси бюро мүшесі болған тұсында, батыспен байланысуы, 1984 жылы күзде Ұлыбританияның премьер-министрі М.Тэтчермен кездесуінен басталды. Бұл кездесуді Канададағы кеңес елшісі, А.Яков ұйымдастырды. Болашақ Басхатшының идеялық бағытымен таныс елші, бұл кездесуді Лондондағы даунинг стрит 10-да орналасқан қарапайым үкіметтің зәулім үйінде кездесу болды. Ал шын мәнінде, қаланың сыртындағы айрықша резиденцияда, мемлекеттердің арнайы шақыруымен келген шетелдік басшыларды күтіп, премьер министр ерекше маңызды мәселелер жөнінде сөйлесетін. Сол тұста КСРО басшысы, Черненконың денсаулығы сыр беріп тұрған болатын. Кездесуден кейін Ұлыбританияның премьер министрі М.Тэтчер Горбачевпен кездесуден кейін, мынадай жалынды сөздерді айтып қалды: «Бұл кісімен жұмыс істеуге, сенім білдіруге болады екен деп, «Темір ханым», басқа елдердегі әріптестеріне белгі берді». Осылайша ол мақтанышпен, Кеңес Одағының «Жаңа басшысын дайындап қойдық»-деді. Батыс сараптаушылары мен саясаттанушылары «ұзақ қашықтықтарға» жүгіріп, он жыл бұрын, өздерінің кеңес өкіметін іштен, сондай-ақ сырттан саяси-әскери қысым жасау бағдарламаларын жасап, ыдырату жоспарын құрды [4, 38 б.].

Рейган 1985 жылдың қарашасынан өзінің президенттік өкілеттілігінің аяғына қарай, Горбачевпен бес рет арнайы кездескен. «Нью-Йорк таймс» газетінде былай деп жазды. «Рейганға Горбачевтің келісім туралы қадамдары, біраз мәселенің себептерін шешіп алуға мүмкіндік берді. Президенттік орнымен қоштасу сәтінде Рейган: «Біз елімізді оң

өзгерістерге бастаймыз –деп жүргенде, әлемде өзінен –өзі өзгеріс болғанын байқамай-да қалдық»-деп сөзін аяқтады» [5, 96 б.]. Десекте, Рейганның «Суық соғыс» жағдайынан гөрі, КСРО-ның ішкі факторлары социализмнің шынайы тұрпатын әшкерелеуге жол бастап, басқа тұрпатқа енуіне негіз болды. Біздің мынаны мойындауымызға тура келді. Авторитарлық социализм ынтымақты жұмыс жасауға негізделген, социал демократияның сенімін жойып, күлкіге айналған бірінші жауына айналып, ол дағдарысқа әкелетіні анық болды. Мүмкін бұл социалистік мұраттардан марксизмнен, коммунизмнен, қоғамдандырудан, әлеуметтендіруден бас тартуымызға әкеп соқса да, «социал-демократиямен » қалуға болмайтынын ұғындырды.

Социализм дағдарысы әлеуметтік мемлекет деген не дейтін сұраққа жауап бере алатындай біліміміздің болмауынан, бұл халықты тұмшалаған коммунизм мұраттары дегенге жету деген сенім мен тұрақсыздықтан туған жайттар [6, 10 б.].

Ал отандық сарапшылардың айтуына тоқтасақ, кез келген дағдарыстың себептері болады, соның ішінде әлеуметтік дағдарыс саяси дағдарысты тудыратыны заңды құбылыс дейді. Әлеуметтік құрылымдағы адам құндылықтары мен бостандықтарының, ұлттық мүдделердің ескерілусіз қалуы, адам факторы мәселелерінің аяқ асты етілуі, саяси билікке деген сенімсіздігін тудырып, бұқараның өшпенділігін арттырып тарихтың нақты оқиғаларына айналды. Бұқараның психологиялық ахуалымен есептеспеу, ауқымды бас көтерулер мен қоғамдық-саяси қозғалыстарға әкеліп соқтырды. Әрине Кеңестік жүйенің ыдырауына Қазақстанда болған «Желтоқсан оқиғасы» тарихи алғышарттар жасады деп пайымдаушылар көп. Алайда ол биліктің күні ұзаққа бармайтынын қазақтың ардақтылары, алаштың азаматтары ә дегеннен болжап берген жоқ па еді. «Шаш ал десе, бас алатын » жендеттерден құралған мемлекеттің болашағы зор болады деген сенімге кім сенді? Кеңес одағы коммунистік партиясы Кеңес билігі адам өмірі мен бостандығын қамтамасыз ететін бүркеме сөздер екендігін, Кеңес халқы алдында әшкерелеп, қорқыту, қатаң жазалар қолданумен құрылған әскери – казармалық мемлекетке негізделгенін айқындап берді. Кеңестер Одағында орнаған Сталин социализмі үкіметінің халық бұқарасын қанап тонауы үшін қызмет ететін саяси жүйе екені ешкімге құпия емес. Төңкерістің бас кезінде

социализм үшін буржуа мүлік иелері тонауға түскен болса, енді социализм үшін еңбекші халық бұқарасы талан-таражға түсті. Әскери коммунизм саясатынан бейбіт өмірге көшу дегенді желеу етіп, онсызда соғыстардан титықтаған шаруаларды тонай бастады. Үміт еткен кеңес өкімет құрылғаннан бастап, жұмысшылар мен шаруалар ауыр салықтар төлеуге мәжбүр болды [7, 10 б.].

Тізбектеп айта берсек кеңес халқы адам сенгісіз зұлматтарды басынан өткізіп отырды. Соған қарамастан қажырлылықпен, қайраттылықпен өз отандарына деген сүйіспеншілікпен жұмыс істеді. Бұл жерде айта кететін мәселе, батыс саясаттанушы, тарихшы ғалымдарын таң қалдыратын жайт, сондай адам тағдырына таңылған қиянаттарды көре тұра екіншідүниежүзілік соғыстағы кеңес халқының табандылығы, ауызбіршілігі, достық, бауырмалдық сезімдері. Сондықтан да ғалымдар арасында болашаққа болжам жасауда қателіктер жібердік пе деген, кеңес империясының күйреуіне қынжыла қарайтындар да жоқ емес.

Алайда арандатылған сыртқы күштердің ықпалынсыз-ақ, ішкі күштердің әлсіздігі одақтың құлдырауын тездетті. Толғағы жетіп асқынып тұрған мәселелер, 1980 жылдардан кейін тіпті күрделене түсті. «Кеңес Одағы Коммунистік партиясының кезекті XXVI съезін шақыру және оны әзірлеу мен өткізуге байланысты міндеттер туралы» КПСС Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.С. Горбачевтің Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1985 жылғы 23 сәуірде өткен Пленумында жасаған баяндамасында былай делінген: «Кеңестік мұраттарды халық мақтан етеді. Бірақ, өмір, оның серпіні жаңа өзгерістер мен қайта құруды, қоғамның жаңа сапалық жағдайына көшу қажеттілігін талап етіп отыр. Бұл, ең алдымен -өндірісті ғылыми-техникалық жағынан жаңартып, еңбек өнімділігінің

дүниежүзілік ең жоғарғы дәрежесіне жету. Бұл қоғамдық қатынастарды, -ең алдымен экономикалық қатынастарды жетілдіру. Бұл – адамдардың еңбек, материалдық-рухани жағдайы және қоғамдық институттардың бүкіл жүйесін жандандыру, социалистік демократияны, халықтың өзін-өзі басқаруын тереңдету. Жалпы алғанда қоғамның барлық салаларын қайта құру. Қайта құру идеясы қоғамды демократияландыру, санамызды жаңғырту, экономиканы жеделдету, еркіндік, жариялылық деген қағидаларды, ұсынғанмен, сөз бен істің арасында кереғар процестер басталды»

[8, 14 б.]. Бұл идея көпшілік тарапынан қолдау тапты. Өйткені КСРО-да өмір сүрген 70 жылдан астам уақытта кеңестік тоалитарлық жүйенің өзіндік үлгісі қалыптасып, ол билік адам құқықтарын аяққа басу, ұлт мүдделері ескерілмеуі, көпшілік пікірдің қабылданбауы, қабылданған реформалардың түбегейлі жүзеге асырылмауы, рухани-мәдени саланың бір идеологияға қатаң бағындырылуы сияқты келеңсіз жайттар қоғам дамуында өршіп етек ала бастаған тұста, бұл жаңару қоғам үшін өте қажет боп табылатын бағыт еді. Кеңестік империяда ұлттардың ерекшеліктері ескерілместен, бауырмалдық деген ұғымдарды желеу етіп, кеңес одағына біріктіріп ұстауда коммунистік партия бар күш жігерін жұмсап бақты. Дегенмен, ұлт саясатын шешудегі бағдарламалар мен стратегиялық жоспарлардың болмауы, ұлтаралық мәселелерді шешуде үкіметтің қауқарсыз екендігін байқатты. Уақыт өте келе, қайта құру идеясын басшылыққа алған, сөз бостандығы, жариялылық қағидалары көпірме сөз екендігі, Алматыда өткен желтоқсан оқиғасында көрініс беріп, яғни қазақ жастары күні өтіп бара жатқан биліктің басқара алмайтынын бір дәлелдеп берді. Осыдан кейін Кеңес одағының көптеген аймақтарында, Бакуде, Ферғанада, Ошта; Молдовада; Оңтүстік Осетияда; Таулы Қарабахта және өзге де жерлерде жиі-жиі бас көтерулер мен қақтығыстар өтті. Ал бұл қақтығыстар кеңес одағында өмір сүріп отырған ұлттардың қадір қасиетін бағалауға, ұлт бостандығы мен мүдделерді ескеріп отыру туралы адами құндылықтардың жаңғыруына алып келді. Тәуелсіздік таңы алдындағы жас жаңа еркін ойлар, қарсылық әрекеттер, ескі жүйенің өмір сүре алмайтынына тарихи алғышарттар жасап берді.

Қайта құру идеясының авторы Горбачев болса, бұқараның саяси психологиялық ахуалына аса мән бермеді. Оның ойын басқа мәселелер шырмап алған еді. 1980-86 жылдардағы мұнай саласындағы баға құнының ауытқушылығы сол кезде кеңес одағына қыруар қаржы әкелгенімен, кеңестік жоспарлы экономиканы дамытуға ішкі қайшылықтар мүмкіндік бермеді. Қайта құру алдында еліміздің сыртқы қарызы жылдам өскенмен, 1984 жылы билікке Горбачевтің келуімен оң өзгерістерге бастады. 1981 жылға карағанда, 1984 жылы еліміздің сыртқы қарызы 0, 5 миллиард долларға азайды.

Алайда, қоғамды қайта құру алдындағы Чернобыль атом электр станциясының апатқа

ұшырауы, кіріс пен шығыс айырмасын 15, 1 млрд-қа жеткізді. Соған карамастан мұнайдан түскен табыстарды реттеп отыру КСРО-ға қалдырылды. Ал бұл ескі әлеуметтік-экономикалық жүйені ұстап тұруға жетерлік табыстар болатын. Бірақта мұнай бағасының төмендеуі еркін айналымдағы қаржылардан айырып, Горбачев реформаларының жүзеге асуына толық кедергі келтірді. Ол ішкі саяси кикілжіндерден гөрі, сыртқы саяси факторларға көбірек мән берді. Сыртқы саяси күштер «Соғыстың қай түріне болсын қарсы тұратын» жаңа реформаторды, жақтаушыларымен бірге қолдап, су бүркіп отырды. Кеңес одағының ыдырау тарихын зерттеуші ғалымдар, көп жағдайда ішкі қоғамның саяси –әлеуметтік өмірінде болып жатқан тенденциялардың ескерілмеуінен, ішкі жағдайларды реттейтін механизмдердің болмауынан деген тұжырымдар келтіреді [8, 22 б.].

Сонымен, қайта құру идеясы алғашқыда кеңес халқының қолдауына ие болғанмен, нәтиже бермеді. Өйткені қайта құрудың мақсат, міндеттері айқындалмады. Халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілмеді. Идеяны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері, экономиканы жеделдетудің жоспарлары жасалмай, санамызды жаңғырту идеологиялық-насихаттық жұмыстар жүргізілмей, құр сөзбен басталып, дауға ұласты. Билік басындағы мамандарды сұрыптауға жол берілмеді, консервативті көзқарастағы ескішіл сананы жақтаушылар сол бюрократиялық тізгінің ұстаған күйінде қалды. Онда басшылықтың өзгерістерді жүзеге асыру қажеттігін түсінуге қабілетсіздігі және дәрменсіздігін көрсетті. Демократия принциптері айтылғанмен азаматтардың еркінділігі қамтамасыз етілмеді, олардың жүріс-тұрысы қатаң бақылауда болуы жалғаса берді.

Дағдарыстың басты себептеріне тоқтасақ, саяси саладағы белгілері, басшылықтың өзгерістерді жүзеге асырудағы енжарлығы мен қабілетсіздігі, бүкіл қоғам өмірі мен оның барлық салаларының, азаматтардың жеке өмірі мен қызметінің қатаң бақылауға алынып, бір орталықтан басқарылуы, партиялық және мемлекеттік міндеттердің бірігуі мен төрешілдігі. Қабылданған заңдардың өрескел бұзылуы, жариялылықтың болмауы. экономикалық дағдарыстың қанат жаюы, ғылыми-техникалық әлеуетіміздің әлсіреуі, орталықтан жоспарлы басқару, әлеуметтік саланың әлсіреп, рухани құндылықтардың төмендеуі. Халықтың тұрмыс деңгейі төмендеп,

маскүнемдік, паракорлық, нашақорлық, ұрлықтың өршуі. Азаматтардың еңбек ету қабілетінің ескерілмеуі, жалпы қоғамның алға дамуынан гөрі, кері кету құбылысының байқалуы тағы басқалар себеп болды. Ең бастысы, ұлттық мүдделердің ескерілмеуінен туған, аймақтардағы шиеліністердің қанат жаюы.[9, 16 б.]. Ал, дағдарыс мәселесіндегі ойларымызды түйіндесек, әсіресе, саяси дағдарыс қоғам өмірінің барлық салаларына экономикалық, әлеуметтік, рухани салаларына ықпал етіп, тұтас жүйенің ыдырауына алып келетін жол екендігін, эмпирикада дәлелденді. Ал табиғаты еркіндікке негізделген адамзат үшін, Кеңес одағының ыдырауы көптеген

империя құрамындағы ұлттар мен ұлыстардың еркіндігін алуға кең жол ашты. Бұл тұрасында, батыс ғалымы Ә.Тойбни «Қазақ, өзбек» ұғымдары этимологиясы бір, алайда қазақ тәуелсіздікті алушы, азаттықты аңсаушылар, тәуелсіздік-тәуелсіз ел болмау, сенің қорғансыздығыңды көрсетеді-деп дұрыс баға берді [10]. Сол себепті ескі жүйе қираған тұста елдің тізгінін ұстаған қазақ халқының басшысы Н.Ә. Назарбаев, Тәуелсіз Қазақ мемлекетінің стратегиялық жоспарын жасауда, бірінші қоғамның ішкі саяси топтасуы мен сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық берді [11]. Бұл өткен тарихтың ащы сабақтары болатын.

Пайдаланған әдебиттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.
2. Варивончик И.В. Американский средний класс во второй половине XX–в начале XXI века: тенденции социально-экономического развития. – Минск, 2007. – 248 с.
3. Драгилев М.С. Общий кризис капитализма: Очерк развития капиталистической системы за 40 лет. М.: Госполитиздат, 1957.– 576 с.
4. Рыжков Н.И. Главный свидетель. Дело о развале СССР. – М.:Алгоритм, 2012. – 240 с.
5. Абдразаков Т.А. Распад советского общества: причины и последствия // Избранные произведения 90-х годов. – В 2 т. Т.2. – Караганда:Издательство КарГУ, 2000. – 158 с.
6. Қазіргі Қазақстан тарихы: Хрестоматия / Құраст. Т.С. Қаленова, А.Т. Серубаева, Ж.С. Абдраманов. Б.Ғ. Аяғанның ред. – Алматы: Раритет, 2010. – 560 б.
7. Вышеславцев Б.П. Кризис индустриальной культуры: избр. соч. / Б.П. Вышеславцев. – М.: Астрель, 2006. – 1038 с.
8. Шубин А.В. Парадоксы перестройки. Упущенный шанс СССР. – М.: Вече, 2005. – 480 с.
9. Независимый Казахстан и Лидер Нации: Новейшая история Казахстана и историческая роль Первого Президента Н.А. Назарбаева / Под ред. Аяғана Б.Ғ. – Алматы: Раритет, 2010. – 392 с.
10. Тойбни А. Постижения истории. – М.: Прогресс. Культура, 1996. – 607 с.
11. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына жолдауы, 1997 ж., қазан.

Айдарова Шолпан

Лауазымы: тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау» университеті

Пошталық мекен-жайы: 020000, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ., Абая к. 113

Ұялы. тел: 8778 2826684

Буктугутова Роза Сабыровна

Лауазымы: тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау» университеті

Пошталық мекен-жайы: 020000, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ., Абая к. 143

Ұялы. тел: 8747 853 68 79

Сатпаев Алмас Кайратович

Лауазымы: оқытушы, «Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау» университеті

Пошталық мекен-жайы: 020000, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ., Янко көшесі 79

Ұялы. тел: 8775 2444024

Алып Империяның күйреуі дерек көздерінде

Айдарова Шолпан

Должность: кандидат исторических наук, доцент, «Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова»

Почтовый адрес: 020000, Республика Казахстан, г. Кокшетау, ул. Абая 113

сот. тел: 8778 2826684

Буктугутова Роза Сабыровна

Должность: доктор исторических наук, профессор, «Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова»

Почтовый адрес: 020000, Республика Казахстан, г. Кокшетау, ул. Абая 143

сот. тел: 8747 853 68 79

Сатпаев Алмас Қайратович

Должность: преподаватель, «Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова»

Почтовый адрес: 020000, Республика Казахстан, г. Кокшетау, ул. Янко 79

сот. тел: 8775 2444024

Падение Большой Империи согласно источникам

Aidarova Sholpan

Position: Candidate of Historical Sciences, assistant professor, «Abay Myrzakhmetov Kokshetau University»

Mailing address: 020000, Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Abay st. 113

Mob.phone: 8778 2826684

Buktugutova Roza Sabyrovna

Position: Doctor of Historical Sciences, professor, «Abay Myrzakhmetov Kokshetau University»

Mailing address: 020000, Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Abay st. 143

Mob.phone: 8747 853 68 79

Satpayev Almas Kayratovich

Position: lecturer, «Abay Myrzakhmetov Kokshetau University»

Mailing address: 020000, Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Yanko st. 79

Mob.phone: 8775 2444024

The fall of the Great Empire according to sources